

АБАЙ ЖЫРЛАРЫНЫҢ АЛҒЫШЫН БІЛСІМ



XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Барлық білімнің қайнар көзі – кітапханада өкөнi анық. Қазiргi кезде жастардың өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығымен жалпы қабиетiн дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру мiндеттерiн iске асыруды кiтапханалардың алар орны ерекше.

«Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген ұлағатты сөзде қаншама мағына, қаншама терең ой жатыр. Өйткені, адамзат Баласына керекті рухани байлықтың бәрі кітаптан табылады. Сондықтан да білімнің қайнар бастауы болып саналатын кітапты сақтайтын, жинақтайтын, оны оқырманға жеткізетін қасиетті орын - ол кітапхана. Кітапхана қызметін дамытуда көпшілік кітапханалардың және мекемелермен ұйымдардың қызметіне әдістемелік көмек кiрiсiтiп, кiтапхана ресурстарын талдауда, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргiзуде және бiрiнғай жүйенi жетiлдiруде ақпарат көздерiн қоғамда, пайдалануға ықпалын тигiзiп, ұйымдастыратын идеологиялық және ғылыми ақпараттық орталық болып табылады. Жалпы кітапханалар жүйесін сақтап қалу, оқырмандарға жаңаша түрде қызмет көрсету, оқуға баулу, интеллектуалды ой-өрісін дамыту және де рухани байлығын кетеруде кітапхананың атқаратын қызметі орасан.

Бүгінде кітапханамызда жүйелі түрде ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинар-тренинг, дөңгелек үстел, іс-тәжірибе трибуналары және көптеген көпшілік іс-шаралардың белсенді түрлері мен әдістерін жарнамалау сияқты тағы басқада іс-шаралар жиі өткізілуде.

Қазіргі кезеңдегі кітапхана ісін одан әрі дамыту және осы кезеңдердегі қалғандарды іске асыруда, кітапхана ісін жандандыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы тақыыметті шешудің негізгі тұтқасы кітапхана ісін жаңа технологиялық әдістермен ұдайы жетілдіріп отыру, ақпарат көздерін қоғамда пайдала-



нуға ықпалын тигізіп, оқырмандардың сұраныс талаптарына жаңаша түрде қызмет көрсетудің жарнамалау арқылы тұтынушыларды оқытуда өз үлестерін қосуда.

«Қазіргі кезде жастар кітапханаға бармайды», – дейтін пікірлер жиі айтылып жатады. Керсінше, бүгінде жас та, жасамыс та, бала да, қария да кітап оқуға ден қоя бастаған. Тіпті оқы-

рмандардың басым бөлігін жастар құрайды. Жалпы қазіргі уақытта кітапханамыздың онлайн қызметі де өз міндетін жоғары деңгейде атқаруда. Абай жырлары мен Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін оқу, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқу чепленді, ақынның мерейтойы тұсында жаңаша жанданды.

Жалғасы 8-бетте



ISSN 2306-9686